

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» кәсіптік емес
акционерлік қоғамы

Диссертациялық кеңестің
2020 жылғы жұмысы туралы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» жанындағы
(ұйым атауы)

6D01000 – Білім беру (Дефектология)
мамандығы бойынша
Диссертациялық кеңесі

Диссертациялық кеңес төрайымы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мовкебаева Зульфия Ахметвалиевна. Диссертациялық кеңес «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ – ның Басқарма Төрағасы – ректор м.а. № 03-05/370 бұйрығымен 2020 жылы қараша айының 3 күні құрылды. Диссертациялық кеңеске қорғау үшін 6D010500-Дефектология мамандығы бойынша диссертацияларды қабылдауға рұқсат етілген.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 6D010000 – Білім беру (Дефектология) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінде есеп беру жылында отырыстар өткізілген жоқ.

2018 жылы бұл мамандық бойынша докторантураны 2 адам, 2019 жылы – 3 адам, 2020 жылы – 6 адам аяқтағанға қарамастан, диссертациялық кеңеске өтініштер түскен жоқ.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелерінің тегі.

Диссертациялық кеңестің құрамында 6 адам. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелері - жоқ.

3. Оқу ұйымы көрсетілген докторанттардың тізімі.

Докторанттардың қорғауға дайын болмауына байланысты диссертациялық кеңеске қорғауға қабылдау туралы өтініш түскен жоқ.

4. Келесі бөлімдерді ерекшелей отырып, есепті жыл ішінде Кеңес қараған диссертацияларға қысқаша талдау жасау:

5. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

6D010000 – Білім беру (Дефектология) мамандығы бойынша диссертациялық жұмыстарды қорғауға дайын болмауына байланысты, диссертациялық кеңестердің қызметін жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстар бар:

- Ғылыми кеңесшілердің өздері басқаратын докторанттардың диссертациялық зерттеулерін уақтылы орындауы және қорғауы үшін жауапкершілігін арттыру. Екі жыл ішінде қорғау нәтижелері бойынша оң шешімсіз, қорғаусыз қалған докторлық диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілерге диссертацияларға жетекшілік жасауға рұқсат етілмесін.

- Докторлық диссертациялардың тақырыптары мен проблемаларын таңдауға бақылауды күшейту. Диссертациялық зерттеудің бағыты ұлттық басымдықтармен, не мемлекеттік бағдарламалармен, не болмаса іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламаларымен байланысты болуы тиіс.

- Кафедралар жанындағы ғылыми семинарлардың жұмысын жандандыру: жоғары импакт-факторлы журналдардағы жарияланымдар арасындағы өзекті жаңалықтармен танысуға бағыттау, докторлық диссертациялар тақырыптары бойынша өзекті мәселелерді талқылау (оның ішінде шет тілінде), тиісті зерттеу саласында семинарға қатысушылар алған негізгі нәтижелер мен ережелерді сыни талдау және оларды бағалау, зерттеу құралдарын талқылау, ғылыми зерттеулер мен диссертациялық жұмыстардың аралық және қорытынды нәтижелерін талқылау.

- Шетелдік кеңесшілердің он-лайн режимінде диссертациялық кеңестің жұмысына қашықтықтан қатысуын тәжірибеге енгізу.

6. Философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер.

	6D010500 - Дефектология
Қараудан алынған диссертациялар	0
Оның ішінде диссертациялық кеңеспен алынған диссертациялар	0
Рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар	0
Қорғау қорытындысы бойынша оң шешімі бар диссертациялар	0
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	0
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешіммен	0
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	0
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	0

Оның ішінде басқа оқу орындарынан	0
-----------------------------------	---

7. Қорғалған докторанттардың нөлдік емес импакт-факторы бар мақалалар тізімі

№	Докторанттың тегі, аты-жөні	Мақала атауы	Журнал атауы	Журнал қай жылдан	Журналдың дәйексөз индексі, 2016-2017 жж

Диссертациялық кеңестің төрайымы

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

